



## ***М.О. Әуезовтың 125 жылдық мерейтойына арналған ТТ-21-1с, ТТ-20-1, ЛОГ-19-1 топтарының студенттері ұйымдастырған дөңгелек үстелі***

Қарағанды Техникалық Университетінің Жол-көлік факультетінің ТТ-21-1с ТТ-20-1, ЛОГ-19-1 топтарының студенттері ұйымдастырған, КТжәнеЛЖ кафедрасының аға оқытушылары Анбиев Е.Ж., Жайлаубеков М.А., Дюсенбаев Е.Ш, Мухтаров Т.М., деканның тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Оспанғалиева М.Т. қатысуымен онлайн дөңгелек үстелі өткізілді.






**Іс-шараның негізгі мақсаты:** М.О. Әуезовтың тағылымын жастардың санасына сіңіру, ұлы тұлғаның ой-толғамдарын кеңінен дәріптеу. М.О. Әуезов Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы ретінде насихаттаса, басқа елдер қазақтың болмыс-бітімін, мәдениеті мен әдебиетін, рухани өресін әлемдік деңгейдегі біртуар перзенттерінің дәрежесімен, танымалдығымен бағалайды. Сондықтан, М.О. Әуезовтың Абайды әлемге танытқандығын, ал Абай арқылы өзінің әлемге танылғандығын есте ұстауымыз қажет.

Ұлы тұлғаларымызды насихаттау, таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз.



Осы жылы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың туғанына 125 жыл толады. Осы айтулы датаны біз тұтас ел болып, мемлекеттік деңгейде атап өтеміз. Біз үшін бұл мерейтойдың маңызы ерекше екендігі түсіндірілді.







*Атқарылған жұмыстың нәтижелері:* Ән айтылып, күй тартылды. М.О. Әуезовтың 125 жылдық мерейтойына арналған Дөңгелек үстел барысында оқылған баяндама, келтірілген деректер, өмірбаяны және көрсетілген бейнебаяндар, осы шараға қатысқан ұстаздар мен студенттерге жақсы әсер қалдырып, көтеріңкі көңіл сыйлады. Соңғы жағында М.О. Әуезовтың роман, пьесаларынан, басқа да еңбектеріне сай ТТ-21-1с тобының студенті Жанкеева Айшолпан құрастырылған сөзжұмбақ сұрақтары қойылып, қатысушылар жауап беріп, сөзжұмбақтың жауабы «МҰХТАР» екенін анықтады.